

Қорытынды. Алынған мәліметтерді ескере отырып, ешкі сүті негізінде дайындалған лактулозамен байытылған сүтқышқылды өнімнің тағамдық құндылығы жоғары болатыны анықталды. Дайындалған сүтқышқылды өнімдер сиыр сүтіне аллергиясы бар адамдардың қолдануына негізделген.

Әдебиеттер

1. Крूसь, Г.Н. Храмцов А.Г., Волокитина З.В., Карпычев С.В. Технология молока и молочных продуктов // Под ред. А.М. Шалыгиной. – М.: КолосС, 2004. – 455 с.
2. Рябцева, С.А. Технология лактулозы [Текст] / С.А. Рябцева // Учебное пособие. – М.: ДеЛи принт. 2003. – 232 с.
3. Артюхова, С.И. Кисломолочный десерт для функционального питания [Текст] / С.И. Артюхова, Н.А. Заика // Молочная промышленность. – 2004. – № 6. – С.56-57.
4. Шамова, А.Г. Пищевая аллергия у детей (новые технологии профилактики и лечения). Методические рекомендации для врачей. / А.Г. Шамова [и др.] – ГОУ ВПО Казанский государственный медицинский университет Федерального агентства по здравоохранению и социальному развитию, Казань, 2005. – 19 с.
5. Храмцов А.Г. Вобликова Т.В., Котова В.Ю., Ионова Н.О. Молоко коз, как дополнительный источник сырья для альтернативных технологий пищевых продуктов // Вестник АПК Ставрополя. 2015. – №3 (19). – С. 82-88.

ИЗУЧЕНИЕ СВОЙСТВ КИСЛОМОЛОЧНЫХ ПРОДУКТОВ НА ОСНОВЕ КОЗЬЕГО МОЛОКА

З.Ж. Сейдахметова, Э.К. Асембаева, А.М. Кетебаева

Важным условием повышения биологической ценности и лечебных свойств молочнокислых продуктов является концентрация большого количества живых клеток лакто- и бифидобактерий, обитающих в организме человека, а также активация роста и развития полезной микрофлоры. Особый интерес представляет использование пребиотиков – промоторов неперевариваемых лакто- и бифидобактерий в верхних отделах желудочно-кишечного тракта.

Использование пребиотиков при производстве кисломолочных продуктов позволяет придать продукту не только функциональные свойства, но и повышает органолептические характеристики готового продукта, улучшает его качество. В статье анализируются органолептические, физико-химические и биохимические свойства кисломолочных продуктов на основе козьего молока.

Ключевые слова: козье молоко, кисломолочный продукт, лактулоза, пребиотик, пробиотик.

DETERMINATION OF THE SHELF LIFE OF A FERMENTED MILK DRINK WITH PREBIOTIC PROPERTIES OBTAINED ON THE BASIS OF CAMEL MILK

Z. Seydakhmetova, E. Assembayeva, A. Ketebaeva

An important condition for increasing the biological value and medicinal properties of lactic acid products is the concentration of a large number of living cells of lacto- and bifidobacteria living in the human body, as well as the activation of the growth and development of beneficial microflora.

The use of prebiotics in the production of fermented milk products allows to impart not only functional properties to the product, but also increases the organoleptic characteristics of the finished product, improves its quality.

The article analyzes the organoleptic, physicochemical and biochemical properties of fermented milk products based on goat milk.

Key words: goat milk, fermented milk product, lactulose, prebiotic, probiotic.

FTAXP: 20.53.19

Ж.К. Кулмагамбетова¹, Б.Т. Кулжагарова², Е.А. Оспанов³.

¹Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті

²Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті, Ақтау қ.

³Семей қаласының Шәкәрім атындағы университеті

«СТУДЕНТТЕРГЕ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ОРТАЛЫҒЫ» МОБИЛЬДІ ҚОСЫМШАСЫН ЖАСАУ

Аңдатпа: Мақалада студенттерге қызмет көрсету орталығы – бұл қызмет алу кезінде ашықтық пен қол жетімділікке жағдай жасауға, қызмет көрсетудің жоғары стандарттарын қамтамасыз етуге, сыбайлас жемқорлық қауіптерінің алдын алуға, білім беру сапасын арттыруға және академиялық адалдық қағидаттарын ілгерілетуіне арналған университеттің сервистік орталығын құру туралы баяндалады.

Студенттерге қызмет көрсету орталығы да "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған, оның мақсаты қызмет көрсету стандарттары негізінде "бір терезе" қағидаты бойынша оқу-білім беру процесінің қызметтерін жылдам және сапалы ұсыну болып табылады.

Қазіргі ақпарат алмасудің жылдамдығы артқан заманда, интернет жүйесінің маңызы күнен күнге дамып өз қажеттілігін арыттыруда. Әрине интернеттің жұмысын түрлі веб қосымшалар мен сайттар жүргізеді. Қай салада болмасын кез-келген компания болсын, үлкен магазиндер, түрлі мекемелерде өздерінің жеке веб қосымшалары бар. Олар осындай веб қосымшаның көмегімен адамдармен қарым-қатынас орнатады, өздерінің қызметін, тауарларын таныстырады.

Түйін сөздер: веб-қосымша, веб-сервер, клиент, мобильді қосымша, кроссплатформалық қызметтер.

Мемлекеттік жүйенің маңызды элементінің бірі болып қызмет көрсету сапасы табылады. Қазақстан Республикасы Сындарлы қоғамдық диалог – қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан Республикасы Президенті Қ.Ж. Тоқаевтың халыққа Жолдауы, 2030 жылға дейін Қазақстан Республикасының әлеуметтік дамуының жалпыұлттық тұжырымдамасының негізінде Қазақстанда барлық салада қызмет көрсетудің деңгейі күннен-күнге даму үстінде [1].

Студенттерге қызмет көрсету орталығын құру – бұл қойылған міндеттерді шешуге өзіндік үлес қосу, сонымен қатар, университеттің қазіргі жағдайдағы даму трендінің бірі болып табылады.

Студенттерді тіркеу және қызмет көрсету орталығы қызметінің негізінде студентке-бағытталған тәсіл жатыр, сондықтан оның қызметінің негізгі принциптері білім алушылардың қажеттіліктерін түсіну және қанағаттандыру болып табылады, сапасы білім алушылардың үміттеріне сәйкес келетін қызметтерді іске асыру, өзара сыйластықпен құрылған білім алушылармен тиімді өзара іс-қимыл жасау.

Қазіргі әлемде кез-келген университеттің өз сайты бар және онда студенттерге арналған әртүрлі айдарлар бар. Қабырғалардағы қағаз жаңалықтарының ғасыры өтті. Сондықтан, өмірді электронды түрде жақсарту жолдары дамуы және қалыптасуы керек. Студенттерге электронды қызмет көрсету университет әкімшілігі жұмысын жеңілдетіп, студенттердің өздеріне қажет ақпаратты лезде шапшаң алып, өз уақытын үнемдеуге септігін тигізеді. Міне мақалада құрылған веб қосымшаосындай ақпаратты мобильдік телефонның экранынан алуға мүмкіндік береді.

Веб-қосымша – клиент рөлін браузер, ал сервер рөлін веб-сервер атқаратын клиент-серверлік қосымша болып табылады. Веб-қосымшалар логикасысервер мен клиент арасында таратылады, деректерді сақтау негізінен серверде жүзеге асырылады,ақпарат желі арқылы алмасады.Бүлтәсілдің артықшылықтарының бірі, клиенттер пайдаланушының нақты операциялық жүйесінен тәуелді емес, сондықтан веб-қосымшалар кроссплатформалық қызметтер болып табылады [2].

СҚКО жұмысының мақсаты қызмет көрсету стандарттары негізінде «жалғыз терезе» қағидаты бойынша оқу-білім беру процесінің қызметтерін жылдам және сапалы ұсыну болып табылады.

Бұл зерттеу жұмысында СҚКО- ның web қосымшасы құрастырылып, келесідегідей мақсаттар орындалуы қажет:

– веб қосымшаның қолданушыларының орталықтың қызметтерін пайдалануға тапсырыс беруі;

– вебқосымшада тіркелім жасауы;

– вебқосымша арқылы қызметтермен тереңдей танысуы;

– вебқосымшаның қолданушыларының пікір қалдыруы;

– тіркелген қолданушылар мәліметтерін өзгерту;

– вебқосымшаға мәліметтерді іздеу жүйесінің орындауы;

– вебқосымшаның қолданушыларының құпия сөздің тексеру;

Интернет вебқосымшаның дұрыс жұмысын қамтамасыз ету үшін – оның жақсы ойластырылған, ұйымдастырылған және түсінікті навигациялық жүйесі болуы қажет.

Жоғарыдағы айтылған мәліметтер бойынша СҚКО арналған сайттың негізгі беті төмендегідей (1-сурет).

1 сурет – Сайттың алғашқы беті

Бұл сайтта студент ұяшықтарға өзі туралы мәліметтер енгізіп, келесі анықтамаларды алады:

1. Анықтама. (Қорғаныс істер бөліміне)
2. Анықтама. (Мүгедектігі бойынша, асыраушысынан айрылу жағдайы бойынша және жасына байланысты мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар тағайындау үшін 2-1 – қосымша)
3. Анықтама. (Әлеуметтік жәрдемақылар үшін 4-қосымша)
4. Анықтама. (Әлеуметтік сақтандыру үшін 6-қосымша)

ID	ФИО студента	ИНН	Пол	Түр	Телефон	Email	Время	Статус	Действие
2	Задыряев Азамат Байгали	9702435884	2019-03-24	2	Д/м	8701738024	2019-03-27 18:14:26	Оформить письмо	Печать
3	Байжан Бекзат Байжанұлы	0102453180	2019-03-24	1	Д/м	8701738024	2019-03-27 14:39:49	Оформить письмо	Печать
4	Үлдірбаев Амант Аманжолұлы	9606035837	2019-03-22	2	Д/м	8701738024	2019-03-27 14:44:19	Оформить письмо	Печать
5	Топырақов Азамат Байгали	0102453180	2019-03-21	1	Д/м	8701738024	2019-03-27 17:45:00	Оформить письмо	Печать
6	Кемелхан Амант Аманжолұлы	0104035884	2019-03-22	1	Д/м	8701738024	2019-03-28 12:10:58	Оформить письмо	Печать
7	Қайырған Төлеген Төлегенұлы	0012053031	2019-03-24	1	Д/м	8701738024	2019-03-27 19:30:26	Оформить письмо	Печать
8	Топырақов Азамат Байгали	0102453180	2019-03-21	1	Д/м	8701738024	2019-03-27 17:27:23	Оформить письмо	Печать

2 сурет – Деректерді толтыру

Студент осы ұяшықтарды (2-сурет) толтырған соң, оның енгізген почтасына анықтама жіберіледі. Студент анықтаманы шығарып алып, университет ректорына барып қол қойдырады. Сөйтіп, бір мезетте өз уақытын үнемдеп, дайын анықтамаға ие болады (3-сурет).

3 сурет – Анықтама

Жұмысты зерттеу барысында веб-сайттар құрудың заманауи технологиялары қарастырылды, веб-сайттар құру үшін қолданылатын заманауи бағдарламалық қамтамасыздандыру зерттелді. Сайттың құрылымы мен мазмұны анықталды, веб-сайт үшін мәліметтер базасы жасалды [2,3].

Қорытындылай келе, нәтижесінде PHP серверлік тілі және мәліметтер қорын сервермен байланыстыратын MySQL бағдарламалау тілдерінде жасақталған «Студенттерге қызмет көрсету орталығы» деп аталатын мобильді веб қосымшасы алынды [4,5].

Студенттерді тіркеу және қызмет көрсету орталығына арналған web қосымша студенттік қауымдастықпен жан-жақты қарым-қатынасты барынша жақсартуға бағытталған және студенттер уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер

1. Тоқаев Қ.К. «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» Қазақстан халқына Жолдауы.// Егемен Қазақстан, 02.09.2019ж.
2. Особенности тестирования веб-приложений [Электрон.ресурс] – URL <http://quality-lab.ru/key-principles-of-web-testing/>, свободный. – Загл. с экрана. – Яз.рус. – (Дата обращения 03.12.2016)
3. Люк Веллинг, Лора Томсон, Разработка веб-приложений с помощью PHP и MySQL. – 2-е изд. - «ДИАЛЕКТИКА», 2017, – 768с.
4. Прохоренко Н.А. HTML, JavaScript, PHP и MySQL. Джентельменский набор Web-мастера. СПб.: БХВ-Петербург, – 2008.
5. Бенкен Е.С. PHP, MySQL, XML: программирование для Интернета. – СПб. : БХВ-Петербург, 2011. – 304 с.
6. Дари К., Баланеску Э. PHP и MySQL: создание интернет-магазина. -2-е изд. ; пер. с англ. – М. : ООО «И. Д. Вильямс», 2010. – 640 с.

РАЗРАБОТКА МОБИЛЬНОГО ПРИЛОЖЕНИЯ «ЦЕНТР ОБСЛУЖИВАНИЯ СТУДЕНТОВ»

Ж.К. Кулмагамбетова, Б.Т. Кулжагарова, Е.А. Оспанов

В статье описывается разработка центра обслуживания студентов – центра обслуживания студентов, призванного создать условия для прозрачности и доступности, высоких стандартов обслуживания, предотвращения коррупции, повышения качества образования и продвижения принципов академической честности.

Центр обслуживания студентов реализуется в рамках государственной программы «Цифровой Казахстан». Его цель на основе стандартного обслуживания через «единое окно» оказывать качественную услугу студентам.

В то время, когда скорость обмена информацией возрастает, значение Интернета растет день ото дня. Конечно, работа в Интернете осуществляется различными веб-приложениями и сайтами. Вне зависимости от сферы деятельности у любой компании, крупных магазинов, различных учреждений есть свои веб-приложения. Они общаются с людьми, представляют свои услуги и продукты с помощью такого веб-приложения.

Ключевые слова: веб-приложение, веб-сервер, клиент, мобильное приложение, кроссплатформенные услуги.

DEVELOPMENT OF THE "STUDENT SERVICE CENTER" MOBILE APP

Zh. Kulmagambetova, B. Kulzhagarova, Ye. Ospanov

The article describes the creation of a student service center – a student service center designed to create conditions for transparency and accessibility, high standards of service, prevent corruption, improve the quality of education and promote the principles of academic integrity.

The student service center is implemented within the framework of the state program "Digital Kazakhstan". Its goal is to provide students with quality services based on standardized services through a one-stop shop.

At a time when the speed of information exchange is increasing, the importance of the Internet is growing day by day. Of course, surfing the Internet is done by various web applications and sites. Regardless of the field of activity, any company, large stores, various institutions have their own web applications. They communicate with people, present their services and products using such a web application

Key words: web application, web server, client, mobile application, cross-platform services.

FTAXP: 65.59.31

А.К. Игенбаев

С. Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университеті, Нұр-Сұлтан қ.

АҚУЫЗДЫ-МАЙЛЫ ЭМУЛЬСИЯ ҚОСЫЛҒАН ПАШТЕТ ӨНІМІНІҢ АЛМАСТЫРЫЛМАЙТЫН АМИНҚЫШҚЫЛДЫҚ ҚҰРАМЫ

Аңдатпа: Бұл мақалада ақуызды-майлы эмульсия қосылған ет-өсімдікті паштеттің үлгілерінің органолептикалық көрсеткіштері зерттелінген. Сонымен қатар ақуызды-майлы эмульсия қосылған ет-өсімдікті паштеттің үлгілерінің құрамындағы алмастырылмайтын аминқышқылдарының мөлшерін зерттеуде алынған мәліметтері келтірілген. Етті-өсімдікті паштет құрамына ақуыз-май эмульсиясы енгізілгенде, біртекті консистенцияның алынғандығы және паштеттің құрылымы жақсарғандығы туралы нәтиже алынған. Өйткені өңделген паштет